

Зайсан ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан аудандық мәслихатының 2024 жылғы 20 қарашадағы № 28/2-VIII шешімі

Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің 365-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Зайсан аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Зайсан ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтері бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат төрағасы

Е. Загіпаров

Зайсан аудандық мәслихатының
2024 жылғы "20" қарашадағы
№ 28/2-VIII шешіміне қосымша

Зайсан ауданы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер

Атауы	Есептік бірлік	Теңге (Қосылған құн салығынсыз)	Теңге (Қосылған құн салығымен)
Жайлы үйлер	1 тұрғын айына	454,86	509,44
Жайлы емес үйлер		460,12	515,33
Жеке және заңды тұлғалар үшін бірлігіне (көлеміне) жылдық тариф	1 м3	3155,10	3 533,71